

"Шұғыла" бөбекжай –балабақшасы" МКҚК

"Імаусым-Балаларды қорғау күні"
(мерекелік іс-шара)

Тәрбиеші: Рапилбекова С

1 маусым - Балаларды қорғау күні!

Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, өлең, әндерді нақышына келтіре айтуды үйрету. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу.

Көрнекілігі: түрлі-түсті шарлар.

Жүргізуші: Армысындар балалар, бармысындар,
Жазда келді, жайнаған гүлді шындар
Алдыменен алайық амандасып,
Армысындар бәрің де, армысындар!

Сәлеметсіздер ме, мерекеге жиналған қонақтар, ата-аналар, балалар!

Баршамызды бала тілмен баурайтын,
Бала деген бір бақыт қой самғайтын
Ата-ананың арманы мен тілегін,
Бала емес пе бал бұлақтан жалғайтын
Сүйкімді періштелер сендерсін
Қандай бейне өздеріңе тең келсін!
Данышпан да, ғарышкер де, ғалым да,
Ең алдымен балалықты меңгерсін.

1-маусым 1950 жылдан бастап халықаралық балаларды қорғау күні болып табылады. Бүгін біз осы мерекені атап өтпекшіміз. Бүгінгі мерекемізді бастамас бұрын, құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Ш. Жанхожаеваға береміз.

Жүргізуші: Ән айтайық қосылып,
Сәбилердің бұл күні
Мақтап кетсін осы жұрты
Балалар деп үлгілі
Ортада «Балбөбек» тобы бүлдіршіндерінің орындауында «Әрқашан күн сөнбесін» әнін қабыл алыңыздар.
Балалар "Күн шуағы" тақырыбында асфальтта сурет салады

Музыка әуесімен Аюлар кіріп келеді.

Үлкен Аю: Сәлеметсіздерме балалар! Ой, біз қайда келдік? Бұл жерде не болып жатыр? Балалар сендер қандай әдемісіңдер.

Кіші аю: Шарларда өте көп әдемі екен. Мұнда қандай мерекені атап өтіп жатсындар?

Жүргізуші: Сәлеметсіңдер ме, Маша мен Аю? Бұл жерде «1-маусым балаларды қорғау күні» мерекесі өтіп жатыр.

Маша мен Аю: Ой, қандай керемет мереке! Бізде осы мерекеге қатысып, көрсек болады ма?

Жүргізуші: Балалар аю қонағымызды қалдырамыз ба?

Балалар: Ия

Аюлар: Қане, балалар онда сендермен бір көңіл көтеріп ойын ойнайық. Ойынымыздың аты «Кім жылдам?»

Жүргізуші: Ақылды балапан бүгінгі,

Көркейтер күніңді ертеңгі,

Үйренген өнерін көрсетсін

Бүлдіршін балалар белсенді

Ендігі кезекті «Балдәурен» тобы бүлдіршіндерінің тақпақтарына берейік.

1. Бізбен бірге бар әлем

Қуанады балаша

Қуанышқа бөленген

Өмір қандай тамаша.

Медина

2. Бала, бала, баламыз

Бақшамызға барамыз

Күні бойы қызыққа

Батамыз да қаламыз.

Аяжан

3. Бала, бала, баламыз

Бақшамызға барамыз

Одан көп-көп қызықтар

Күнде біздер аламыз.

Бекзат

Жүргізуші: Келесі кезекте «Балдәурен» тобы қыздарының музыкалық аспаппен өнерін тамашалыңыздар.

«Айгөлек» биін қарсы алыңыздар.

Би: «Айгөлек»

Жүргізуші: Олай болса, «Қошақан» әнін тамашалаңыздар! Ортада «Балбөбек» тобының бүлдіршіндері.

Ойын: «Көңілді шарлар»

Жүргізуші:

Достарымыз бар қуанып,

Тамашалар кештерде

Талшыбықтай бұралып,

Биші боламыз өскенде

Келесі кезекте «Балдәурен» тобы қыздарының «Гүлдер» биін тамашалаңыздар.

Хор «Балабақша»

Жүргізуші: Балалар әрқашан ата-анамыз аман болсын, сіздер де ақылды, тәртіпті болыңыздар, еліміз тыныш, рухымыз биік болсын! Осымен Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған сауықтыру мерекеміз аяқталды. Барлық балаларымызды кейіпкерлерімізбен бірге биге шақырамын. Атсалысып қатысқандарыңызға рақмет!